

Жастар - жасампаз күш

МАҢЫЗДЫ ІС - ШАРАЛАР АЯСЫНДА



«Амангелді аудандық Жастар Кеңесі» ҚБ «Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ тапсырысымен ағымдағы жылдың сәуір-қараша айлары аралығында жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында іс-шаралар ұйымдастырды.

«Жастар Кеңесі» қоғамдық бірлестігі аудандық «Шұғыла» жастар демалыс орталығына және Байғабыл, Есір ауылдары жастары мен мектептің жоғары сынып оқушылары арасында экологиялық мәдениеттің қалыптасуы бағытында арнайы кездесулер өткізіп, олардың қатысуымен ағаш көшеттерін отырғызды.

Алдағы уақытта Амантоғай, Қарасу, Үрпек ауылдық округтары жастарымен де осындай кездесулер өткізіліп, сенбіліктер ұйымдастырылатын болады.

Сонымен қатар, аталмыш жоба аясында «EXPO-2017» атты жас ғалымдардың өнер туындыларынан арнайы көрме ұйымдастырылатын болады. Үздік деп танылғандар және жоба аясында белсенділік танытқан жастар марапатталатын болады. Іс-шара жыл бойы жүргізіледі.

Ауданның барша жастарын жобаға қатысып, белсенділік танытуға шақырамыз.

Бекболат КӨПТІЛЕУОВ,

Амангелді ауданы «Жастар Кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

Суретте: Байғабыл ауылдық округінің жастары және ауыл әкімі Данияр Тоқтарұлы іс-шара барысында.

Амангелді ауданы әкімінің №5 ШЕШІМІ

15 мамыр 2015 жыл. Амангелді ауылы.

ЖЕРГІЛІКТІ АУҚЫМДАҒЫ ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 4-бабының 3-тармағы 2) тармақшасына және 5-тармағы 3) тармақшасына, 48-бабына, «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамысын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес, Амангелді әкімдігінің жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 5 хаттамасына сәйкес, Амангелді ауданының аумағында қалыптасқан жағдайға байланысты елді мекендердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында Амангелді ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Қостанай облысы Амангелді ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің аудандық аумақтық кіші жүйесі жұмыс істеуінің төтенше жағдай режимі енгізілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозовқа жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шешім 2015 жылы 21 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5613 болып тіркелді.

Ж.ТАУКЕНОВ

РЕШЕНИЕ №5 акима Амангельдинского района

15 мая 2015 года. село Амангельды.

ОБ ОБЪЯВЛЕНИИ ЧРЕЗВЫЧАЙНОЙ СИТУАЦИИ ПРИРОДНОГО ХАРАКТЕРА МЕСТНОГО МАСШТАБА

В соответствии с подпунктом 13) пункта 1 статьи 33 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 2) пункта 3 и подпунктом 3) пункта 5 статьи 4, статьей 48 Закона Республики Казахстан от 11 апреля 2014 года «О гражданской защите», постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 июля 2014 года №756 «Об установлении классификации чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера», на основании протокола заседания Комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций при акимате Амангельдинского района от 12 мая 2015 года № 5, в связи со сложившейся обстановкой на территории Амангельдинского района, в целях обеспечения жизнедеятельности населенных пунктов, аким Амангельдинского района РЕШИЛ:

1. Объявить на территории Амангельдинского района Костанайской области чрезвычайную ситуацию природного характера местного масштаба.
2. Ввести режим чрезвычайной ситуации функционирования районной территориальной подсистемы государственной системы гражданской защиты.
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на заместителя акима Амангельдинского района Карбозова Т.Т.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5613, 21 мая 2015 года.

Ж.ТАУКЕНОВ

ГАЗЕТ ТАРИХЫНАН БІР ТӘБӘРІК

Құрметті оқырман! Аудандық газеттің тарихын зерттеуді одан әрі жалғастырып келеміз. Бұған дейін газеттің алғашқы нөмірлері қалай шыққаны туралы әңгіме болған емес. Сол олқылықтың орнын толтыру мақсатында таяуда зерттеуді одан әрі жалғастырып, Алматыға арнайы іс-сапармен барып қайттық. Нәтижесінде, газеттің 1937 жылғы белгісіз нөмірлерін таптық. Оған **Ә.Қайнарбаев** деген азамат жауапты редактор болып қол қойған. Одан кейінгі нөмірге редактордың міндетін уақытша атқарушы деп **А.Өтетілеуов** деген азамат та қол қойыпты.

Демек, редакторлар қатары толық түсті. Газет латын қарпімен 2 бет болып шығарылған. Оқырман өз газетінің ең қиын жыл саналатын - 1937 жылы қалай шыққанын білсін деген ниетпен төменде газеттің 1937 жылғы 3 қыркүйекте шыққан нөмірін толық күйінде назарларыңызға ұсынып отырмыз. Бұл нұсқа ҚР Ұлттық Кітапхананың Баспасөз қорынан алынып, жарияланып отыр.

Бас редактор

(қоспаңғандық)

Bykil çer çyzının proletarlar, birliğinde

Amangeldi avdandyq
partija komijseti men
avdandyq atqaruv komij-
setinin organy

1935- çyl 15-ujennnen cıyqa
bastady.

**Sotsialdyq
CARUVA**

3-Sentabir 1937-çyl
№ 65- (172)

Ye kynde bir cıyqady.

Әдіріс: Amangeldi avdandyq, Sotsialdyq
caruva gazet basqarmasy Qostanaj oal.

Leninnin çyzege asyrylqan teorijası

1917-çıldyń aqıus-sentabir aylaryn da, budan cıyyma çyl buryn, Lenin ezinin „Memleket çana revolytsiya“ atly danyerandıq cıyqarmasyn çazdy, bul cıyqarma marksizm qazyna syna, onıń revolytsionalyq arsenalyn qymaıtly, tutas sybaqa bolyp qosıldı. Bul cıyqarma emirdiń asqan zor synına, adamnyń aqyl-oj darıja laryn tek sanavly çana cıyqarma larynda, tamaca natiçjeler men synalyp cıyqly.

Sotsialistik revolytsiyanıń çana ony çasavcy çumıscy tabınyń memleket çenindegi mindetterin aıqpyı dav—Leninnin maqsaty osy boldy. Ol memleketin çana tyrynı—çumıscy taby diktatuvrasynın tvorces tsalyq, çalpyń azat etetin relin da nyserandıq ornep pen syvretledi. Bul memleket burçuvazıyanın eski memleketlik masıynasyn typ irgesi men qorapır qulatabyn sotsialistik revolytsiyanın çalybında tuvady.

Leninnin cıyqarmasy tap tartıssynı vyngıly tındaqy eń qacetti ti leginen tuvdy. Ol 1917-çylyqy ekti ar davly bastalar aldında çasaldy. „Memleket çajındaqy masele kezirgi vaqıtta teorijalyq çaqınnan da çana praktikalıq-sajasy çaqınnan da aıylyqca manızydy bolyp oıy...“ „Memleket çana revolytsiya“ osy sözder men bastalady. Sotsialistik revolytsiya barlyq çerden belgi berdi. Leninnin bir elde sotsializm ornatuvoqa bolatındıqy çajındaqy ilimni prote tarijattın qolına, onıń barlyq çavlyar da çarıs-zulım, çavız burçuvazıjaqa çarıs, burçuvazıyanın qutly çacqan mencevik-es-er malajalaryna çarıs, onıń barıp turqan zalımy trotskijs-buvqarincil synajastaryna çarıs çumsajtyb, çajıspas kycti çaruv berdi. Eimizdiń çumıscy taby kapij taldyń qamalyń buzuvqa eń soqıq dajarlıqın saılap çatı.

Osy çajdaqı Leninnin danyerandıqy proletarijattın memleket çenindegi revolytsionalyq mindetterin marçantaj tızıp aıqpyı belgilep berdi. Bolmasy, bir uvy ekspluatator lardıń orasan kóp qalyq buqarasyn ezyvıne, oqan zorlyq-zombılyq iste vine qural bolqan eski memleketlik apparatı çajratıp, talqandav kerek. Onıń ornına myide çana, buryn ec çacan bolyp kormegen memleket çasav kerek, milijondaqan buqara rany çardemi men, olardıń qoqam turmısynın barlyq taravlarına qatı masuvy men kycti, quvatty vola tyn, sotsializminin çavlyarın zore sin usyratın, enbekci qalyqqa çaqın tuvysqan volatın memleket çasav kerek. Kapijtalizm men kommuvnij zminin arasında etkeldi davır çatır, al bul etkeldi davırdıń memleketi tek çumıscy tabınyń diktatuvrası çana vola alady. Ol diktatuvra çajımpaz sotsializm tolyq kommuvnijzme ulasqanqa dejin kerek. Lenin asıp bergen aıqpyı, anıq pe respektıvı osy.

Leninnin ösejtin cıyqarmasy Marks pen Engıstın çenilmes teorijasyn qurıç negizine qalanıp, zorajdy. Lenin olardıń cın oj-pikrin kemeline qajta keltirdi, olardıń qılymının bulaqtaı taza kezın, ony çasırıp turqan qoqam-soqımnın aready, ekinci internatsionaldyń

onı aınalduvıylar tolyrğan çep-calımnın aready. Osy mindetin bir ezinin cecilyvi çana Leninnin cıyqarmasyn marksistik teoriyanın mangelik asıl asavıyna aınalduvıyn volar edi. Biraq, „Memleket çana revolytsiyanı“ manızy munı men tipti bitpejdi. Lenin marksizminin negizin saluvıylardıń memleket çaj ındaqy ilimni qajta kemeline keltirip çana qojqan çoq, sonı men çatır, bul ilimdi çana tarijıj davırdın çajdaıjılyna ılayıqlap çana, çoqarv satıqqa keterdi.

Ol bykil çer çyzındaqy çumıscy tabınyń, en aldy men volcebikter partıjasy bastaqan resej proletarijalybın revolytsionalyq kyresinın tarijıj ulan-bajtaqy çajırybesin, qortıy, proletarijat diktatuvrasyn ornatuva birinci ret talaptanqan pariç kommuvnalarnın çajırybesin, bizdin elimizdegi 1905-çylyq çana 1917-çylyqy revolytsionalyq majdandardın çajırybesin Lenin taldap, cınyqtırdı. Lenin Marksın proletarijat diktatuvrası çajındaqy ilimni damıtyp, alqıa bastırdı. Ol çumıscy taby diktatuvrasynın memleketlik tyri retinde sovetterdi actı. Ol çumıscy tabınyń çana caruvalaryn negizgi buqarasynın, sotsializm ornatuva maqsaty ycin çumıscy tabınyń basılyp men çasalatın, odaqy retinde bul diktatuvrasynın çoqarv prinsıvın çasady. Ol burçuvazıja lyq demokratiyanın çaj-qajıssynan volsa da milijon qajta demokratiy asıl çumıscy taby diktatuvrasynın demokratiyacy mənisin actı.

Lenin ezinin cıyqarmasyn podro-lıjda çasırıp çyrip çazdy, kec çalqan resej burçuvazıjasy demokra-tıjasybın erisi tarlyqın, çajqandıqın bastan kecirip, keriç otırdı çazdy. Ol onda ezin ıltıryv tuvalı keriçev buırdıq alqan kerenskiç çendetterinen çasırıp, Razıj stansasında kyre-kede turqandy. Sodan son eki aj etti, Lenin çer çyzındaqy asqan uls revolytsiyanın natiçesinde ekimet biçilgin qolqa alqan çumıscy men caruvalaryn dınyjedegi tınyçs eki metin bastap otırdı. Teorija çyzege asyryla bastady.

Lenin ezinin memleket çana revo-lıtsiya çajındaqy cıyqarmasyn: „Çumıscy partıjasyń tərbiyelej otırdı, marksizm proletarijat avangardın tərbiyeledi, ekimet biçilgin qol-na aluvqa çarajın, **bykil qalyqta** sotsializmge **bastaj** alatın, çana qurılysqı vaqıt berip, ulımdastıra alatın, burçuvazıjasy çana burçuva zıjaqa çarıs ezinin qoqam turmısyn çasav isinde barlyq enbekciler men ekspluatatsıjalaruvıylardıń us tazy, basısy, kosemi vola alatın avangard tərbiyeledi“ dep çazdy. Lenin-Stalin partıjasy bastaqan, çumıscy tabınyń diktatuvrası bizdin elimizdi qajta çasady. Onıń, Lenin aldyń ala volçaqan, keremetti tvorcestvaly kycteri mejince kemeline kelip çetildi. Cıjlenisken tap tartısyn ot pen çalybının icinde sot-sializm typtılykti çenip cıyqly. Bu-ryn kez kormegen, qılyq estimegen tarijıj qasqa vaqıttın icinde qo-qam qatı nastarv qajta çasaldy. Bul qajta qurılys ezinin tereń maqnalılyq, negizdiligi çaqınnan adam bala-

da tendesi çoq qajta qurılys boldı. çana, asa vaj tarijıj çajırybesin negizinde, sansız burmalav, onı aınalduvıyn areketterine çarıs batıl kyreste, Leninnin isin alqıa alıp baruvıy Stalin çoldas Markstik-Le-nindik çumıscy taby diktatuvrası çajındaqy ilimni kommuvnijzme aparatın birden bir çol retinde bu-ryndıdan da damıtyp, barlyq çaqı-nan ulqajıty.

Sotsializm adam balasynın tan davly uldarınyń, ezyvıdın, quldyqın, çoqılyqın, zorlyq-zombılyqın cen gelinen adam balasın azat etyv çolında kyresyvci aldınqy çatıly erlerdin talaptarv men ymıllerin çyzege çajırdı. Lenin kersetken danyerandıq nusqavdy Stalindik konstı-tutsiya damıtyp, erkendetti.

Stalindik Konstıtutsıjada sotsialis-tik demokratiizm turmesta bar cın dyqın nece aluvan tyri men çajnap tur. Bul-çer çyzındaqy eń demokra-tıjacy Konstıtutsıja. Onıń negizgi özgeceligi, ol pravalarv tek çarıja lap çana çajımdı, sonı men birge onıń iske asyrylvına da kepil volady. adam balasynın tarijında birinci ret barlyq enbekci qalyqın pravalarvı pormoldi tyrdı çana emes, olardı iske asyruvqa cın mym kincilik beretin qurılys çasaldy. En beki buqara ekspluatatsıjanyń bu-çavınan, çajırylyqın, ensesin bas qan ertengi kyne seimisizdikten mangelik azat etildi. Enbek etyvge, dem aluvqa, oqır bilim aluvqa, keriçte çamtamasız etılyvge prava bergen uls partıja-barlyq adal enbek cilerdin avqatı, mädenijetti tur masyqa çetyvine ken çol actı. Bul bykil aldınqy çatıly adam balasın ardaqtı tabıstar. Sovet qalyq çan ıcer paciizminin çumsaqan trotskijs-buvqarincil malajalary çana özge malajaryn, bul tabıstarqa aram qolın suqbaq volqandardı ajavız qurt qanda, onı bykil çer çyzında de-mokratiyanı çorçavcy adal adamdar avden tysinip, maquldap otıradı.

Bizdin elimiz bykil çer çyzına sot-sialistik demokratiyanın, naçıvıos tandıq pen progresstin senbejtin çar-lyq savlesi bolıp otır. Onıń qoqam dyq çana memleketlik qurılysına, onıń uldarınyń erlik isterine bykil adal niçetti adam balasynın ıqıasy avıp otır. SSSR da sotsialistik mem-leketin kerkıjyvi çer çyzındaqy de-mokratiya ycin cın kyresyvci erler ge çana kyc beredi. Paciizminin adam ajtqıssız çılmıstarına çarıs, soqısqı çarıs, adam balasın mädenijetin asqan asıl qazınasın çer betinen çoq qılmaq bolıp, çavıp tuvqızyıp otır qan paciister aıuvandyqına çarıs çer çyzında majdan ulqajıp, eris alıp keledi.

Stalindik Ortalyq Komijtet çana sovet ekimeti bizdin elimizdi kom-muvnijzminin çana tabıstarına myq ty çana senimdi tyrdı bastap kele di. Onı çenis pen alqıa basqan qadamın toqtatarlyq kyc çer çyzında çoq.

(„Pravda“ nıń telegrap arqyly alınoqan, 20-aqıus kyngi sas maqalsı).

Avır Öndiris Qalyq Komijssa tın bolıvı tuvalı

SSSR dıń Ortalyq Atqaruv ko-teti men Qalyq Komijssarı Sovetinin qavılysy

SSSR dıń Ortalyq Atqaruv Ko-teti men Qalyq Komijssarlarv So-ti qavly etedi:

1. Macıjna çasav öndirisi (aptı bil-traktor zavıttarv, stanok çasa zavıttar, paravoz-vagon çasa zavıttar, avıl-carıvıvılyq macıj-ryn çasajtıń zavıttar, çenil öndiri çana tamıq öndirisine kerek m-nalardı çasajtıń zavıttar, kalfo-ıjna çana elektroteqniķa öndıqy basqalarv), sol syjaqly m buımdar çasajtıń zavıttar, re-ke çana kavcyk öndirisinın zattı teqniķalyq ajnec zavıttarv, a-öndiris Qalyq Komijssarıjatyń tabınan cıqarılıp, macıjna çasav öndirisinın ezine derys çalpy-ıuvdyq Qalyq Komijssarıjaty (kommac) qurılısın.

2. Avır öndiristın basqa barly ravlarv, onıń icinde otan öndıń barlyq tyrtleri, elektr stansal qıra metal men tysti metal öndı qıjımya öndirisi, qurılys mate-darınyń öndirisi çana basqalarv rınyınsınca Avır Öndiris Qalyq-mijssarıjaty (Narkomac) sostavında qatı.

3. Macıjna çasav öndirisinın ılyq Komijssarv bolıp Balerij lıv-bic MEÇLAVK çoldas bekitilsin.

4. Lazar Moısejıvic KAGANO-çoldas çatınas çoldarv Qalyq-mijssarlıqınan vosatılıp, Avır-diris Qalyq Komijssarv bolıp e-tilsin.

5. Çatınas çoldarvın Qalyq-mijssarv bolıp Qalyq Komijssarv ornıbasarv Aleksej Benedıktı BAKUVLUN çoldas bekitilsin.

SSSR Ortalyq Atqaruv Komij-nin presdeditili — **M. Kalıjın.**

SSR Soıuvzınyń Qalyq Komij-sarv Sovetinin presdeditili — **B. Molotop.**

SSSR Ortalyq Atqaruv Komij-nin sekretarı — **A. Gorkıjın.**

Moskev, Kiremil 22-aqıus, 1937-çyl.

(„B. Ç.“ gazetin).

Qıtajdaqy soqıly

Er çyrek Qıtaj askerleri Nant di çorqap çatqanynan beri eki vaqıt etti. Çanqajdy çorqavqa çıl-gen Qıtaj askerleri kerejip ke-di, sonqy kynderde Çapondarv-rinın askerlerin Çanqajdy tyrtı-ıktterine alde nece tysirmek vol-bıraq Qıtaj askeri qacırly çarıs-çasap, Çaponnıń tın kycterin Ç-qajdyń icine çıbermedi. Çanqajdy-ezine askerlerin tysire almaqanav, çapondar zenıberekten çana avı-oq çavdyrıp koptegen askerle-Çanqajdy çanına, qalanın sol t-tik çaqına tysirip çatır. osy ke-qıvıv soqıly Çanqajdy sol ty-çana cıqıly çaqında çyrip çatır. Bir çarım ajdan beri Çapon Qıtajlyqtardı çene almaqan. Çaponnıń soqıly çumarıarv Qy-dı „acıqtırdı“ çenbek. sol maç-pon Çaponnıń soqıly kemeleri Qıtajdy qalavlarına blokada (qamav) çarjalady, sıjı ezennin saqasv men batıv portınyń ar-daqtı çaqılavqa Qıtaj kemelerine çyzy-ııjım salındı, odan kejin basqa el kem-inde Qıtajdy porttarına krip cıyuvqı-ııjım salındı, sıjtıp Çapon plotıy Qıtaj-ıvırtqy elderinen qatısyn toqtatpaq.

Аудандық «Тың шұғыласы» газетіне өткен ғасырдың 80-ші жылдарында оқуды жаңа бітіріп келген жас жігіттер мен қыздар қызметке келді. Қайнаған қызу еңбек - бірі іс сапарға кетіп жатса, бірі келіп жатады. Шалғай ауылдардан құлаш-құлаш репортаждар дайындап әкелетін. Фототіпшілерге де дамыл жоқ, фотоаппараттарын асынып алып, солармен бірге жүріп, суреттер түсіретін.

Ол кезде совхоздардың мал бағымы, шөбі сияқты науқандық жұмыстар қызу қайнап жатады. Әсіресе, көктем уақытында малшылардың мал төлдетуі мен шөп шабу кезінде журналистерге дамыл жоқ болатын. Шопандар мен еңбек адамдары жайлы бірінен-бірі өткен керемет очерк, репортаждарды жарыса жазатын.

Осындай науқан кезінде редактор Еренғайып Әбдіхалықов кезекті лездемесінде Қалжігіт Смағұловқа «Родник совхозына барып, мақала жазып алып кел» деп тапсырма берген болатын. Бір жетіден кейін газетке Қалжігіттің Аркалыктан Родникке бензин таситын бензавоз жүргізуші туралы көлемді материалы бір бет боп шықты. Материалда бензавоз жүргізушіні әбден мақтаған. Нағыз майталманның өзі. Фото-сы да керемет, машинаның кабинасында шалқайып отыр. Очеркте мін жоқ.

Редактор бір ай бойы Қалжігітті мақтап «осылай жазу керек» деп жігіттерге үлгі етіп жүрді.

Бірде мен ауырып, ауруханаға түстім. Сонда «Родник» совхозынан Райхан деген өзім қатарлас жас келіншекпен емделіп, бірге жаттық. Сөзден сөз шығып менің қайда жұмыс істейтінімді сұрады. Мен «редакцияда» дедім. Ол «осы редакцияның адамдары қызық» деді. «Не үшін олай айтып тұрсың?» дедім таңырқап. «Біздің ауылда бір жігіт бар еді, жұқсыздау, оны бір күні совхоз директоры бензавоздың шоферы ауырып қалып, бензин әкелуге шофер таба аламай сол жігітті Аркалыққа жұмсаған. Келесі күні сол бір бетті алып «Тың шұғыласы» газетіне үлкен суретімен шығыпты. Бүкіл ауыл болып қайран қалдық. Пәлен жыл істеген бензавоздың жүргізушісі шықпай, бір-ақ күн бензин тасыған мына жігіттің газет бетіне мақталып шыға келгеніне. Оны көріп қалса ауыл адамдарының бәрі «бір күн жұмыс істеп, газетке шығыпсың, қайырлы болсын! Енді осы мақаладағыдай еңбек ет» деп біразға дейін қалжыңдап жүрді. Әлгі жігіт ұялды-ау деймін қазіргі таңда тұрақты жұмыс істеп жүр», - деді.

Жұмысқа кіріскеннен кейін осы әңгімені редакцияның журналист жігіттеріне баяндап бердім. Жігіттер де, «Қалжігітше жазайық» деп қалжыңдап жүрді.

Осы әңгімені редактордың құлағы шалған болу керек, тағы бір лездемеде «Қалжігіт жарайсың, сенің сол мақалада жақсы, әлгі жігітін де мықты екен» демесі бар ма? Ұялып, ұнжырғасы түсіп жүрген Қалжігіт те, біз де күліп мәз-мәйрам болдық. Осындай қызық оқиғалар редакцияда жиі болып тұратын еді.

Кезекті газет шығарылымында баспахана қызметкерлері газет материалдарын леонотиппен теру барысында 1916 жыл 1919 жыл болып, 6 саны 9 болып ауысып кетіпті. Редакция кезекшілері де, баспхананың әріп терушісі де байқамай қалған. Кезекші редактор газетті басылмағал қол қойып жіберген екен. Редактор Еренғайып аға таңертең ертемен бірден

Бәйгеге

ЖАСТАРҒА ЖАНАШЫР БОЛҒАН БАСЫЛЫМ



баспаханаға барып, почтаға апармай тұрғанда газетті міндетті түрде бір қарап шығатын. Сол кезде қатені көріп, барлығымызды жинап, айқай да жоқ, шу да жоқ, 6 әріпін көп қылып жасатып қолымызға бір-біреуден берді. Таң атқанша бәріміз ұйықтамастан барлық газетке 9-дың үстіне 6-ны басып, жымын білдірмей дұрыстап шықтық. Келесі күні бәріміз мен-зен, ұйқылы-ою жүрдік. Есесіне газетіміз халыққа қатесіз тарап жатты.

Кейде редакцияның қыз-келіншектері бір-бірімен болмашы нәрсеге ренжісіп қалып, бір-екі күн аузымыз бұртиып, сөйлеспей жүретінбіз. Сонда Еренғайып ағай «Шіркін-ай, мен қыз болсам, еш ренжімес едім, тек аузымды басып, сылық-сылық күле берер едім» деп мимикамен көрсететін. Сол кез-

де бәріміз күліп жіберетінбіз. Ренішімізді ұмытып, көңілденіп кететін едік. Ол кісінің актерлік шеберлігі керемет еді. Ағай журналист болмағанда атақты актер болатын еді деп ойлаймын. Редакция қызметкерлері аудандық көркемөнерпаздардың түрлі байқауларына қатысатын. Спектакльдер қоятын. Түрлі мәдени іс-шаралар жүргізетін. 1 мамыр - Халықаралық бірлік күні, 7 ноябрь - Ұлы Октябрь революциясының құрылған күні мерекелерінде парадқа шығатынымыз. Сол парадта митингі ұйымдастырылып, орысша-қазақша ұран оқылатын. Қазақша ұранның мәтінін оқуға редакцияның жігіттерін алатын.

Еренғайып ағай кейде кабинеттерді аралап, жастарды көріп, жастық шағын еске алып әңгіме айтатын. Әңгімесінің басын «Пионервожатый кезім, ша-

шым тас бұйра» деп бастайтын. Ол кісі әңгімесін бастай бергенде қушықеш журналистер: «Пионер вожатый кезім, шаш тас бұйра деп айтып жіберетін. Ол кісі ренжіместен «ия солай» деп әңгімесін жалғастыра беретін. Той-томалаққа барғанда үй иелері ол кісіге бәрі өлең айт деп қолқа салатын. Сонда жігіттер «қазір біздің бастық «Әселім жанымды» айтады» деп алдын-ала біліп отыратын. Аға осы өлеңді жақсы көреді және домбырамен нақышына келтіріп айтатын еді.

Редакция журналистерінің әрбір күні мереке болатын. Газеттен сәл қолы босай қалса, жалақы алсақ, кешкілік жиналып, кеш ұйымдастыра салатынымыз. Редакцияның алдындағы тал-теректердің арасына арнайы шахмат үстелін құрғызып қойды. Жігіттер газетке материалдарын беріп, сәл қолы босай қалса демалып, шахмат, дойбы ойнайтын. Редакция қызметкерлерінің ең төменгі жалақысы, райком қызметкерлерінің еңбекақысымен бірдей болатын. Әрбір тоқсан сайын сыйақы тағы бар. Қаламақы бар...

Ол кезде аудандық тұтынушылар одағы (райпотребсоюз) мекемесі мен «Тың шұғыласы» газетінің дүрілдеп тұрған кезі. Редакторымыз айына бір рет қоймаға кіруге рұқсат қағаз алады. Соны кезекпен біздерге береді. Біз өзіміздің ұнатқан киім немесе

затымызды аламыз. Индийский шайға да сұраныс түсіріп, бір-бір келіден шай алып беретін. Қазіргі таңда ойлаймын, ол қағазды басқа басшылар болса өзі ғана пайдаланар еді деп.

Әрбір қызметкерлердің туған күні аталып өтілетін. Оны кәсіподақ ұйымы ұйымдастыратын. Арнайы жиналыс ашып, еңбегінді бағалап, сый-сияпат жасайтын. Кәсіподақ жиналысы жиі болатын. Онда қызметкерлердің арыз-өтініші, денсаулығына байланысты курортқа путевка алып беру сияқты басқа да мәселелер қаралатын. Еренғайып ағай сондай жиналыстарды басқарып жүргізуге тізім жасап қоятын. Жиналыс жүргізіп үйреніндер, басқа жерде жұмыс істесендер редакцияның қызметкерлері түк білмейді екен деп жүрмесін, - дейтін. Редакцияда қызмет етіп жүрген жігіттері партия қызметтеріне жиі шақырылатын. Ұмындық Жаманова, Қонақбай Теміржанов сияқты білікті журналистер Алматыдағы Жоғары партия мектебінде оқып, оны үздік бітіріп шықты. Сол кездегі редакция қызметкерлері жұмыста ысылған, білімді, білікті кадрлар еді. Оларды облыстық мәслихатқа депутат, аупарткомға бюро мүшесі, селолық советтің бірнеше дүркін депутаттары болып сайланатын. Еренғайып ағай соның бәріне қатты қуанып, жақсы мінездеме беріп, олардың өсуіне ықпал жасап отыратын. Қазіргі таңда Жалғасбек Сүлейменов, Айдос Шөкішев, Ләззат Қапышева, Әйгерім Хасенова сияқты сол кездегі журналистер мен редакция қызметкерлері республикамыздың түкіртүкірінде басшы қызметтерді жемісті атқарып жүр.

Еренғайып аға редакцияның қызметкерлерін де үйіне жиі шақыратын. Катюша жеңешем бір ренжімей етін асып, шайын қойып, бәйек болып күтетін еді. Еренғайып ағаны құрметтеп, алақанына ұстаған, туыс-туғандардың арасын жалғап, қуаныш пен қайғыларын бірге бөлісіп жүретін ақпейіл, оң қолынан өнер тамған берекелі жан еді. Ағаны «тұңғыш балам ғой» дейтін еркелетіп. Тоқыма кілемнің шебері еді. Аға екеуі алтын асықтай 5 ұл, 2 қызды дүниеге әкеліп, оларға жақсы тәлім-тәрбие берді. Бибісара әжемді де алақандарына салып бақты. Аға да, Катюша жеңешем де ешкімді кемсітуді білмейтін, туыстарды бөліп-жармай тең ұстайтын, көрші-қолаңмен, жолдас-жорамен туысындай арласатын үлгілі отбасылар еді. Еренғайып аға өзін ренжіткен жігіттерге бірауыз қатты сөз айтпайтын. Өкініштісі - екеуі де балаларының қызығын көре алмай, дүниеден ерте өтіп кетті...

Ұмындық, Ләззат үшеуіміз жақсы достар едік. Күні бүгінге дейін хабарласып, кездесіп, қуаныштарымызды бірге бөлісіп тұрамыз.

Кейін басқа салада қызмет атқарып жүрген кезімде редакцияда жұмыс жасаған жылдарым маған үлкен тәрбие мектебі болғанын түсіндім. Содан болар, араға 20 жыл салып редакцияға қайта оралып, қызмет жасап жүрмін.

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА.

Суреттерде: «Тың шұғыласы» газеті редакциясы мен типография қызметкерлері газеттің қарт авторы, ақын Жауһар Жақсылық келінімен кездескен сәт; редакция қызметкерлері Н.Ахметова, А.Шөкішев, Г.Смайылова, Қ.Теміржанов, С.Бейсекеев; әріптес үш құрбы: Г.Смайылова, Ұ.Жаманова, Л.Қапышева.



Карқабатов Бекназар 06.03.1906 жылы дүниеге келеді. Қыпшақ тайпасы руы құлан, иықты келген қапсағай денелі кісі болған. Сөзгесаран. Жүріс- тұрысы да сабырлы. Мінезінде де ұяңдылық бар. Бірақ бұл сабырлық пен ұяңдылық оның бойына туа біткен қасиет емес, өмірдің өзі дарытқан ұстамдылық, салмақтылық дағдысы. Соғысқа дейін ауыл советі, бригадирлік қызметтерді атқарған. 1935 жылы Нақыш Ырсайқызымен отау құрады. Екеуінен 16 бала дүниеге келіп, соның ішінен тек 6 ер жетеді. Қалған 10-ы аштық кезінде, соғыс уақытында бала күндерінде қайтыс болған.

1941 жылы соғыс басталған уақытта Мақтаралы ауданы Маяк совхозынан соғысқа шақыртылады. Майданда 100-104 атқыштар дивизиясына ұрыс жүргізіп жүріп, кейін 2 атты әскер құрылғандықтан сонда ауыстырылады. Жаумен арпалысып жүріп Волоколамское шоссе арқылы Москваға дейін жеткен.

1944 жылдың апрель айында Керемет ұрыстардан кейін Польшаның астанасы Варшаваны азат еткен кезінде көше бойларында болған ұрыста үйдің екінші қабатынан немістің атқан оғынан кеудесінен ауыр жараланады. Сол уақытта омырауындағы гвардиялық белгіден тиген октан тас талқаны шығады. Сол кездегі взвод командирі лейтенант Шаповалов қараған белгіні көріп

- Япыр-ай, сенің жаныңды сақтап қалған мынау гвардиялық белгі екен! деген екен. Шаповалов жарақатты көріп, сестра қызға тандырып, Бекназар батырды тылға жіберіпті. Тылдағы взводқа келгенде жау самолеттері бомбалап басынан екінші рет жарақат алады.

Сол Варшавада болған ұрыс Бекназар батырдың қатысқан соңғы ұрысы болған. Полк командирі полковник Каравец сол уақытта кезекті наградасы Қызыл Жұлдыз орденін қадап тұрып:

- Енді соғысқа қатыспай-сын, штабтағы полк туын ұстаушы өзің боласың деген екен. Оның полктың жауынгерлік туын ұстаушы етіп тағайындауы солдатқа зор сенім білдіргендігі.



Бекназар карт «Ерлігі үшін» медалі, I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, II және III дәрежелі Даңқ ордендері, Қызыл Жұлдыз ордені, «Берлинді алу» медалі, «Варшаваны азаттандырғаны» медалі, «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталғандығы бүгінгі жастарға, келешек ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық сонау Отан соғысындағы солдат даңқының өшпес айғағы.

- «Алға кеттің екен, кейін шегінуші болма» деген солдаттық қағиданы берік тұтынатын Карқабатовтың талай ұрыстардағы ерліктерін өз көзімен көрген подполковник Федерюк:

- Сенің қимыл-әрекетің фамилияңа сайма-сай екен, менің Карқабатым деген екен.

1943 жылдың бас кезінде генерал Крюковтың төртінші атты әскер корпусы Ленинград майданынан бірінші Белоруссия майданына ауыстырылды. Житомир қаласы түбіндегі ұрыстардан кейін полк үшінші рет қайта толықтырылды. Полк қалың орман ішінде тұр еді. Кенет «К бою!» - деген команда берілді. Астарындағы аттарын ат қоршауға тастай салып, полк ұрысқа

кірісіп кетеді. Полк алдыңғы жағы ашық дала болатын. Кешкі ымыртты жамылып, енбектеп, полк жауынгерлік тәртіпке келтірілді. Екі жүз метрдей жерде немістің бекінісі болатын. Олар оқтын-оқтын оқ жаудырып тұрды. Түнгі сағат тоғызда полк шабуылға көтерілді. Немістер де қарап тұрмады. Жауып тұрған оққа қарамастан солдаттар бекініске жақындап қалды. Олар окоп қазып, қорғаныс алуға мәжбүр болады. Танертенгісін полк тағы да шабуылға шығып, неміс бекіністерінің басып алады. Дұшпанның көптеген зеңбіректері, пулеметтері қолға түседі. 200-дей адамы тұтқынға алынады. Германиямен шекара жақындап қалғандықтан полк алдында қойылған ендігі міндет: темір жолды кесу, оның бергі жағында орналасқан тас жолды да бұзып, немісті қоршауға алу болатын. Бірақ бұл міндетті полкқа орындау оңайға түспеді. Бұталарды паналап тас жолға қарай беттеген солдаттарды бақылап қалған немістер оқ жаудырып, ілгері қарай беттпей қояды. Полкпен көршілес бөлімдердің де алдарына қойылған міндеттері ілгері шығу. Полк көтеріле алмай

қалса, басқа бөлімдердің де өз міндеттерін орындауы екі талай еді. Осы бір ұрыстың аса шиеленіскен шағында бір адам қалай да алға қарай бірінші болып көтеріліп, басқаларды бастауы керек болды. Өздерінің жауынгерлерін бес саусағындай білетін полк командирі: «Менің Карқабатым, алға!» - деген екен.

Полк командирінің осылайша команда беруінің өзі солдатқа үлкен сенім білдіргендік еді, мұны Карқабатов бірден түсінді. Қолындағы қол пулеметінен оқты септіре «Ура!» деп алға ұмтылды. Ер жүрек Отан солдаттарының соңынан басқа жауынгерлері немістің алғы шебін бұза- жара тас жолдың ар жағына өте шықты. Арта қалған неміс бөлімдері қоршауға алынып, бес жүзге жуық дұшпан солдаттары тұтқындалды. Осы ұрыстан кейін полк командирі, оның саяси жұмыстары жөніндегі орынбасары Федерюк, солдаттар барлығы Бекназарды «Карқабат батыр» дейтін болды.

Соғыс адамды азапқа да салады, жауды жеңуге де үйретеді. Ұлы Жеңіске өзінің үлкен үлесін қосып қайтқан ауылдың қарапайым шаруа адамының Отан басына қилы күн туғанда, Карқабатов Бекназардың көрсеткен ерлігін немен теңеуге болар еді.

Соғыстың ауыр күндерін еске ала отырып:

- Тылдағы совет адамдарының қажырлы еңбектері мен майдангерлердің жауды жеңуге деген бірлік қимылын, ұлы жеңістің қалайша шындалып жатқанын осылай өз көзіммен көргенім бар, - деді Бекназар.

Мұндай мызғымас бірлік тек қазақ батырларына ғана тән қасиет. Соғыстан кейінгі уақытта парторг болып, және шопандық қызметтерін атқарған. Карқабатов Бекназар 21.12.1993 жылы Амантоғай ауылында дүниеден өтті. Қазіргі уақытта үлкен баласы Карқабатов Абдулхамит дүниеден озып кеткен, қалған бесеуі Карқабатов Бодаубай, Карқабатова Лиза, Оспанова Боранқұл, Карқабатова Лида, Карқабатов Мажит балалары және немере, шөберелері бар.

Жандос ҚАРҚАБАТОВ.

Суретте: Бекназар ҚАРҚАБАТОВ.



ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Байтеміров Хами Жакенұлы 1919 жылы Амангелді ауданы Қабырға ауылында туған. 1935-1938 жылдарда Қабырға, Ақсай, Жаңатұрмыс мектептерінде мұғалім болған. 1936-1937 жылдары Орынбор қаласында біржарым жылдық мұғалімдер даярлайтын курста оқыған. 1939 жылдың жазында Таран ауданындағы Викторов ауылдық кеңесінің Неллобинск орталау мектебіне қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімдігіне ауыстырылған. 1939 жылдың қараша айында Таран аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен әскер қатарына алынады. Екі айдан кейін Солтүстік Осетин АССР-ы Орджоникидзе қаласындағы әскери училищеге курсант болып қабылданады.

Училищеде 1940 жылдың 1 ақпанынан 1942 жылдың мамыр айына дейін оқып, лейтенант атағымен орта командир ретінде майданға аттанады.

1943 жылдың 7 ақпанында жараланып, госпитальға жіберілгенге дейін Солтүстік Кавказ майданында 54-ші армияның 394-ші атқыштар дивизиясының 810-шы полкінде рота командирінің орынбасары қызметін атқарған. Содан хабарсыз кеткен. Үйленбеген.



Байтеміров Досмағанбет Байтемірұлы 1910 жылы Амангелді ауданының Қабырға ауылында туған. Соғысқа дейін мұғалім болған.

1941 жылдың күзінде Амангелді аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен әскерге алынады.

1943 жылы 30 сәуірде Ленинград қаласының маңындағы Смердыня деревнясы үшін болған шайқаста ерлікпен қаза болған. Деревнядан 3 шақырым жерде бауырластар зиратына жерленген.



Үйленген. Артында бала қалмаған.
А.БАҚЫТБЕКҰЛЫ, ұрпағы.

САЗ МЕКТЕБІНІҢ ЕСЕБІ



Жақында Қ.Әбенov атындағы мәдениет үйінде аудандық саз мектебінің есеп беру концерті өтті. Концерттің шымылдығын саз мектебінің оқушыларынан құрылған ансамбльдің орындауындағы «Би» күйімен ашты. Концертте әр аспапта оқитын оқушылар өнерлерін көрсетті. Халық әні «Үкілім-ай» Гүлім Қапсалықова нәшініне келтіріп орындаса, жас музыканттар сайысының 2-ші орын иегері Асқар Әлімжан Құрманғазының күйі «Төремұратты» шебер орындады. Әсіресе саз мектебінің оқушыларынан құрылған хордың

орындауындағы М.Төлегеновтың «Біржан – Сарасы» көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Концерттің соңында саз мектебінің директоры К.Ахметов бір топ үздік оқушыларға мақтау қағазын табыстады. Аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин саз мектебінің есеп беру концерті жоғары деңгейде өткенін атап көрсетіп, облыстық жас музыканттар байқауында да жүлделі орындарды иеленіп, үздіктер қатарынан көрініп келе жатқандықтарымен құттықтап, ризашылығын білдірді.

Ә.ЖҰМАБЕК.

БИ БАЙҚАУЫ ӨТТІ



19 мамыр күні Қ.Әбенov атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен би байқауы өтті. Би байқауы екі жанрда өтті: қазақтың ұлттық биі және заманауи жанрдағы билер.

Би байқауына аудан орталығындағы би үйірмесінің бишілері және ауылдық округтен келген бишілер тобы қатынасты. Екі жанрдағы би екі түрлі бағаланып, байқауға

қатысқан бишілер барлығы да жақсы дайындықпен келіп, жүлделі орындарға ие болды. Бас жүлдені қазақша би жанрынан Ы.Алтынсарин орта мектебінің «Мереке» би тобы (жетекшісі Д.Көмекова) жеңіп алып, мерейі үстем болды.

Ә.МҰРАТБЕК, өз тілішіміз

ЖАРАЙСЫҢДАР, ЖАС ДІЛМАРЛАР!

Қасиетті Батпақкара өңірінен талай таланттар мен тарландар өсіп-өркендеді. Олардың ізін таланты мен дарыны ұштасқан балауса ізбасарлары жалғап келеді. Сондай үрдіс үзілмей, жалғасып келе жатқан «дарындылар ұясы» деп Н.Мейірманов атындағы жалпы білім беретін орта мектепті айтуға әбден болады. Бұл мектептен білім алып, бүгінде еліміздің әр өлкесінде сан мамандық иесі атанып жүрген шәкірттер саны баршылық. Бәрін санамаламай-ақ өнер, оның ішінде, айтыста талай жарыстарда топ жарып, бас бәйгені иеленіп, ауылдың, ауданның тіптен облыстың мақтанышына айналып үлгерген айтыскер ақындар мен жазба ақындар шоғырын ерекше айтуға болады. «Әдебиет» атты үлкен айдында еркін жүзген журналист Еркебұлан Ергалиев пен Динара Біткова республикалық баспасөзде өзіндік қолтаңбалары қалыптасқан, заман ағымына сай бесаспап мамандар болса, көмейінен сөз маржандары төгілген айтыскер ақындар Тоба Өтепбаев, Балтасар Ізтелеуов - республикаға танымал жас ақындар, ал Батырлан Сағынтаев әлі студент, алай-



да ол өзінің ізденімпаздығын, әдебиетке құштарлығын ерте танытып үлгерді. Аркалық педагогикалық институтының филология факультетінің үздік студенті Батырлан осы оқу орнындағы баспадан «Торғай ақындарының антологиясын» құрастырып, жарыққа шығаруда.

Мектебіміз жақында тағы ерекше қуанышты жаңалықтың куәсі болды. Облыстық

деңгейде ұйымдастырылған «Жас тұлпар» атты оқушы ақындар сайысында екі бірдей шәкіртіміз жүлдемен оралды. 10 сынып оқушылары Ернұр Әуезхан мен Еркінғазы Айбаев жүлделі бірінші және үшінші орындарды иеленіп қайтты. Бұларды баптаған бір кездегі түлегіміз, қазіргі әріптесіміз, мектебіміздің көркемдік жетекшісі Балтасар Ізтелеуов. Үш шәкіртімізге

де қуаныштарыңыз құтты болсын дейміз. Және де осы оқушылардың осындай дәрежелі сайысқа қиындықсыз барып, қайтуына қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған аудандық білім бөліміне айтар алғысымыз шексіз.

Жалпы осы сайыс талантты жастардың болашағына жарқын жол іспетті. Жүлдегер шәкірттеріміз Ернұр мен Еркінғазының ақындық талантының көпке танылып, танымал болуына «Жас тұлпар» оқушылар айтысының орны ерекше. Себебі екі талантта бұл сайысқа бірінші рет қатысып отырған жоқ. Өткенге көз жүгіртсек: Ернұр - «Жас тұлпардың» Балуан Шолақтың 150 жылдығы мен Бейімбет Майлиннің 120 жылдығына арнаған сайысында ақындар айтысы номинациясы бойынша 1 орынды иеленсе, Еркінғазы педагог жазушы С.Көбеевтің 135 жылдығы, ақын Ғ.Қайырбековтың 85 жылдығына арналған ХХІ облыстық «Жас тұлпар» оқушы ақындар сайысында 2 орынды жеңіп алды.

З.БАЙТЕМІРОВА,
Н.Мейірманов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

ҰСТАЗ МЕРЕЙІ



келе жатқан ұстаз жақын арада өткен аудандық қос олимпиада (құқық және тарих) пәні бойынша жүлдегері атанып, әріптестері арасында зор құрметке ие болды.

Педагогтардың ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, кәсіби және ақпараттық күзреттілік деңгейлерін, шеберліктерін арттыру және шығармашылықпен

жұмыс жасайтын мұғалімдерді қолдау мақсатында өткізілген құқық пәні мұғалімдерінің арасында өткізілген аудандық олимпиадаға қатысып, ІІ орынға ие болса, осы мақсаттағы тарих пәні бойынша өткізілген олимпиадада да шеберлігін сынап, аудан ұстаздары арасында жүлделі І орынды қанжығасына байлады. Бір айда қатарынан өткізілген екі бірдей олимпиадада үздіктер қатарынан топ жарған әріптесіміздің бұл жетістігі – еңбегінің нәтижесі.

«Сапалы білім беру – бәсекеге қабілетті қоғам орнатудың негізі» - деп, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында айқындап берген білім беру ісі үздіксіз шыңдалуды талап етеді. Осы тұрғыда өз білімін жетілдіріп, кәсіби деңгейін көтеру, қоғамға өзіндік үлесін қосу үшін әріптесіміз өткен оқу жылында Кембридж тәсілі бойынша біліктілікті арттырудың деңгейлік кур-

сынан өтіп, сертификатталып келген еді. Бүгінде әр сабағын осы әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып өткізуде. Бұдан өзге, жыл сайын өткізілетін пән олимпиадалары мен ғылыми қоғам байқауында оқушылары жүлделі орындар иеленіп жүр. Мектепте сертификатталған мұғалімдер қауымдастығының мүшесі, «Өлкетану» үйірмесінің жетекшісі, сынып жетекшісі сынды мектепшілік жұмыстардың бел ортасында жүрген Ербол Әбілғазыұлы аудан деңгейінде өткізілетін түрлі сайыстарда да ән айтып, би билеп, өнерден де кенде емес екендігін дәлелдеп жүр.

«Қыран балапанына қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, білім мен өнерді қатар ұштап жүрген әріптесіміз білім кеңістігіне рухы таза, ой-өрісі биік, таланты асқақ талапты өрендер қанаттандыра бергей!

Ержан ЖҮСІПОВ,
Амангелді орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

«ШАПАҒАТ» ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМЫНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Мектеп қабырғасында жүрген баланың ойлау, зерттеу, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамытатын жұмыстың бірі - ғылыми қоғам. Осы мақсатта «Шапағат» атты оқушылардың ғылыми қоғамы Амангелді орта мектебінде жыл сайын жоспарлы түрде жүргізіліп, өз нәтижесін көрсетіп келеді. Әр жылда мектеп оқушылары аудандық ғылыми жоба байқауынан І, ІІ жүлделі орындарды алып, жетекшілер үмітін ақтап қуантуда. Әрине ғылыми жоба жұмыстары бойынша облыстық деңгейде де жүлделі орын жоқ емес. Атап айтсақ: Б.Уатканова - оқушысы Қуаныш Қымбат, Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озық қызметкері, әнші-композитор, Аманкелді ауданының Құрметті азаматы, Аманкелді орта мектебінің түлегі Қ.Деріпсалдин туралы «Таланттымен тәтті еткен түлегім, Әсем әнмен тебіренткен өз елін» тақырыбындағы зерттеу жұмысын қорғап облыстық байқаудан жүлделі ІІІ орынмен қайтқан болатын. Осы үрдісті бүгінде мектеп ұстаздары мен оқушылары жалғап, ғылыми-зерттеу жұмыстарына аса қызығушылық танытып, жоғары деңгейде жұмыс жасап келеді. Бұл Амангелді орта мектебі ұстаздар қауымының дарынды



оқушылармен жұмыс жасауда кәсіби шеберліктері деп білемін. Ұстаздардың осы кәсіби шеберліктерін қанаттандыруда жыл сайын аудандық білім бөлімінің әдіскері Қ.Абдуалиевтың ұйымдастыруымен аудандық оқушылардың Ғылыми жоба байқауы жоғары деңгейде өткізіліп келеді. Өткен аптада аудандық білім бөлімінің 2014-2015 оқу жылының жоспарына сәйкес жоғары сынып оқушыларының аудандық ғылыми жоба байқауы 2015 жылдың сәуір айының 30 жылдығында Ә.Боранбаев орта мектебінің базасында



өткізілді. Ғылыми жобаға екі бағыт бойынша (жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық) аудан және ауыл мектептерінен жалпы 24 оқушы қатысты.

Ғылыми жоба байқауы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының негізгі пәндер бойынша білімін тереңдету және кеңейту, ғылымға терең қызығушылығын арттыру теориялық білімді іс жүзінде қолдану, жалпы пәндер бойынша алған білімдерін тексеру мақсатында өткізілді. Жыл сайын дәстүрге айналған ғылыми жоба байқауына Амангелді жалпы білім беретін

орта мектебінен де екі бағыт бойынша 2 оқушы қатысып жүлделі І, ІІ орынды иеленді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша Несіпбек Көркем «Халық баласы - Қазтай» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмысын қорғап ІІ орынды иеленсе, жаратылыстану-математика бағыты бойынша Дәулет Нұрхан «Амангелді елді-мекені Жел энергиясын пайдалана ала ма?» тақырыбында өз жобасын қорғап жүлделі І орынды иеленіп, облыстық оқушылардың ғылыми жоба байқауына қатысуға жолдама алды. Осы орайда Көркем мен Нұрханды ғылыми жоба байқауына дайындаған физика пәні мұғалімдері Е.Жұманов пен Ә.Досбергенованың еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Жас маман болса да, шәкірттерін ғылыми ізденушілікке баулып, дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыстар атқаруда.

Оқушыларды негізгі пәндер бойынша білімін тереңдетіп, кеңейтуде, теориялық білімді іс жүзінде қолдана отырып, ғылымға қызығушылығын терең дарындылар қатарын көбейте берейік дегім келеді.

КАБДИКОВА,
Амангелді орта мектебінің ғылыми-әдістемелік орынбасары

ҰСТАЗҒА АЛҒЫС

Қазақ халқында «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген жақсы дана сөз бар. Осыбір астарында терең мән жатқан даналық сөз балаларымызды білім білім нәрімен сусындаған мұғалім Боқаева Жұмагүл Төлемісқызына әбден лайық.

Жұмагүл апай баламен ғана емес ата - анамен жұмысқа да көп көңіл бөледі. Біздермен өткізген «Ата-ана махаббаты» тренингі, «Баланың бас ұстазы кім?» ойықтары, «Сабақ білмеген балаға «2» қоюға бола ма?» т.б. дөңгелек стөл басындағы сұхбат, сауалнамалар оның өз кәсібіне деген жауапкершілігі мен бізге деген құрметі деп білемін.

Еңбеккер ұстаз қажырлы еңбегімен бала жүрегіне жол тапқан. Жұмагүл Төлемісқызы атқарған іс әрдайым жақсы нәтиже береді. Олай дейтінім, биылғы оқу жылының өзінде оқушылары мектепшілік білім сайысы, спорттық ойындарда жүлделі орындар иеленді. Ал аудандық «Қазақстан көп ұлтты халықтар мекені» атты әссе жазудан оқушысы Дүйсенбаева Жанайым ІІІ орын және ғылыми жоба қорғаудан Жантулина Айсауле І-ші орын алды.



Ал жуырда болған тестік бақылаудан балаларымыз 100 % білім сапасын көрсеткенде төбеміз көкке жеткендей қуандық. Әрдайым ізденіп, заманауи сабақтар мен тәрбиелік жұмыстар жүргізіп отыратын Жұмагүл Төлемісқызына ата-аналардың алғысы шексіз.

4 сынып ата-аналары атынан
Қарлығаш Абутайқызы.

ҒАЛЫМ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Абай атамыздың «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңі жас ұрпақты ғылым іздеуге, ілім-білім алуға, ғалым болуға жетелеуге ой тастайтын үлкен бір ғибрат. Осынау даналықты ойға тоқып, білім нәрімен терең сусындаған ұрпақтың келешегінен зор үміт күтетініміз баршамызға аян. Аталған межеге жету үшін, оқушының ғылымға құштарлығын, бейімділігін қалыптастыру үшін мектептерде бастауыш сыныптардан бастау алған өзіндік ізденіс жұмысқа үйрету жүргізіліп келеді. Себебі, ойы ұшқыр, көкірегі ояу, жан-жақты дамыған, дарынды оқушылармен өткізілген жұмыстың нәтижесі ел сенімін ақтаушылардың негізгі факторы болып табылады. Оның дәлелі бастауыш сыныпта бастау алған ғылыми ізденіс, зерттеушілік жұмыстар оқушылардың белгілі бір ғылым саласында өз білімдерін жетілдіре, толықтыра түсулеріне үлкен ықпал етеді. Бастауыш сыныптан бастап оқушы үлкен аудиторияда өз ойларын еркін сөйлеп жеткізе алуға дағдыланады. Ал баланың дарынын өзіне пайдалы етіп қолдануында жетекші рөл атқарып, баланы ғылымды игеруге бағыттаудағы бастауыш сынып мұғалімінің орасан зор еңбегін атап айтпау мүмкін емес. Игілікті істің бастамасы ретінде бастауыш мектеп мұғалімдері жас ұрпақтың келешегінің жарқын болуына ұмтылыс жасап, өз үлестерін қосуда. Бүгінгі ұрпақтың ғылымға қызығушылығын, ой-санасы мен білігінің тереңдігін байқау мақсатында ауданымызда аудандық білім бөлімінің әдіскері Нұргүл Кәкімжанованың ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушыларының ғылыми қоғам жобасының сайысы өтті. Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің ғимаратында өткізілген сайыс бірқатар оқушылардың құлшынысын шыңдап, ойларының ұшқырлығын көрсетіп, мұғалімдердің шәкірттеріне берген еселі еңбегін айқындай түсті десек артық айтқандық болмас. Барлық мектептен келген оқушылардың көптеген жаңалықтарды ойлап тауып, үлкен қызығушылық танытуы, сайыстың өте жоғары деңгейде өтуі сайысты ұйымдастырушы әдіскер Н.Кәкімжанованың белсенді де білікті еңбек үрдісінің көрінісі екені анық. 2012-2013 оқу жылынан бастап жалғасын тауып келе жатқан, биылғы үшінші рет өткізіліп отырған аудандық бастауыш сынып ғылыми жоба сайысына келіп түскен жұмыстарды сарапшылар саралай келе бастауыш сынып оқушыларының зерттеуге деген құштарлығымен қатар, ой еркіндігін, таным көзқарысының кендігін, бақылау әрекетіне икемділігін байқауға болады деген қорытынды жасады. Сайыс нәтижесінде жүлделі орындарға ие болған бірнеше жұмыстардың қатарында Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептен қатысқан 4 сынып оқушысы Жантулина Айсауленің «Итмұрын өсімдігінің емдік қасиеттері» тақырыбындағы жұмысы үздік деп танылып, І орынға ие болды. Бұл көрсеткіш оқушының зерттеу әрекетіне баулыған бастауыш сынып мұғалімі Букаева Жұмагүл Төлемісқызының өлшеусіз еңбегінің нәтижесі.

Сайыс соңында сөз алған әдіскер Нұргүл Кабиоллақызы алдағы уақытта қандай тың зерттеулер жүргізілу керектігін айта отырып, сөз соңында: «Қолдан ақынды да, әншіні де жасай алмаймыз. Бұл табиғат берген сый. Ал ғалым болу - өзіміздің қолымызда, тек көкірегіңіз ояу болуы керек» - деп қорытындылады.

Құнды ғылыми жобалардың жасалуын қызықты өмірге, әлем ғылымына бет бұру деп түсінген ауданда осындай игі істер әлі де жалғасын таба бермек.

Ә.ЖАПАРОВА,

Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің бастауыш оқу ісін меңгерушісі.

МАЙДАНГЕР АТА ЕЛ ЕСІНДЕ



Мен бақытты заманның ұрпағымын, балалық шағым шат-шадыманды күндерге толы болды, қасымда ата-анам бар алаңсыз күй кештім. Тұлымшағым желбіреп мектеп табалдырығын аттадым, енді міне тарыдай боп кіріп, таудай боп шығатын күндерім де жақын қалды.

Балалық қиялдың жетегіне еріп «жаратылысты, заманды» осылай бейбіт жаратылған екен ғой деп ойладым. Телеарналардан көрсетілген соғыс туралы фильмдерді ойдан шығарылған ертегілердей қабылдадым. Кейіннен жоғары сыныпқа көшкенімде оқулықтар мен әдебиеттерден бұл бақауатты заманның оңайлықпен келмегеніне көзімді жеткіздім. Біздің бейбіт өмір болашағымыз үшін аталарымыз бен апаларымыздың оқ пен оттың ортасынан шығып, жандарын пиде еткенін білдім. Біздерге осындай өлшеусіз бақ заман сыйлағаны үшін олардың алдында мәңгілік қарыздар екенімді сезіне отырып мектепті жақсы оқуым керек деп шештім және сол мүдден өзімді шығып жүрмін деп есептеймін.

Жеңістің 70 жылдығын еліміз жоғары деңгейде атап өтуде. Мектептерде соғыс және тыл ардагерлерімен кездесулер, біздерді патриоттық рухта тәрбиелеу бағытындағы мәнді іс-шаралар көптеп өткізілуде. Мен өз ата-анамның әкелерін мақтаныш сезіммен еске аламын және олар туралы естелік



жазуды өзімнің немерелік парызым деп санаймын.

Бүгінгі мен әңгімеме арқау еткелі отырған соғыс ардагері, әкемнің әкесі, менің атам Аюпов Жұмабек Әйіпұлы туралы болмақ.

Атам 1921 жылдың 1 қаңтарында Амангелді ауданының Құмкешу ауылында туған екен. Мектептен жеті жылдық білім алып, еңбек жолын МТС-те учетчик болып бастайды да кейіннен 1940 жылдары Қостанай облысының Затобол ауданының «Бірлік» колхозында есепші болады.

1942 жылы Қызыл Армия қатарына алынып алғашқы ұрысты №930 атқыштар полкінің құрамында қарсы алған. Сол бетпен Калинин майданының бел ортасында жүріп көптеген елді-мекендерді ерлікпен азат етуге қатысады. 1943 жылы ауыр жараланып, Батайск және Иваново қалаларында емделіп, осы жылы елге оралады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 1 дәрежелі Отан соғысы орденімен және «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталып, соғыстан кейінгі жылдарғы 5 мерекелік медальдің иегері атанған. Елге келген соң 1943-1962 жылдар арлығында аудандық мал бордақылау мекемесінде қызмет атқарды. 1962-1966 жылдары «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозында жұмысшылар кооперациясының төрағасы, кейін совхоздарда бөлімше меңгерушісі, учаскелік агроном, тағы басқа жұмыстар атқарып, құрметті зейнетке шықты.

1993 жылы 72 жасында қайтыс болыпты. Артында 2 ұлы, 1 қызы және немерелері бар. Атам елге сыйлы, ағайын-туысқа беделді болған. Атам туралы ғибратты сөздер осы уақытқа дейін ел аузынан түспей келеді. Сол үшін де мен атамды үлкен мақтаныш тұтамын.

Құралай АЮПОВА,
Амангелді орта мектебінің 11-сынып оқушысы.

ЖЕҢІС БІЗДІҢ ЖАДЫМЫЗДА



Биыл ұлы Жеңіске - 70 жыл. Сол күндердің өшпес даңқындай болған аталарды еске алумен «Балдырған» балабақшасы «Жеңіс жаңғырғы жадымыздан кетпейді» атты мерекелік іс-шара өткізді. Бүлдіршіндер мерекелік іс-шараға белсене атсалысты. Атап айта кетсек, Әлібек Диас, Қамбарова Наргиз, Айтбай Аяулым, Сайлау Шадияр, Мейрам Нұрәли. Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміздің де есімі аталмай кетпеді. Соның бірі соғыс ардагері Нұрхан Тауқенов ағамыз туралы деректі фильм көрсетілді. Тәрбиеші Тамаша Шакирова «Ұлы жеңіс!» атты өз арнауын оқыды. Біз өзіміз көрмесекте баянды бейбітшілік үшін жанын пиде еткен ардагерлер есімі жадымызда сақталады.

Д.МАҚТАҒАНОВА,
«Балдырған» балабақшасының меңгерушісі

«БАЛАБАҚША СҰЛТАНЫ» БАЙКАУЫ



Жуырда «Жұпар» балабақшасында «Балабақша сұлтаны» байқауы өтті. Сайысқа 3-6 жас аралағындағы ер балалар қатысты. Сайыстың шарттары: «Мен атамның жалғасымын» өзін таныстыру. «Өнерлі өрен» өнер сайысы. «Ер бойына жарасар сәндік киім» сән үлгісін көрсету. «Алтын сақа» асықты көздеп ату. «Үй тапсырмасы» ата-аналардың Қазақ Хандығының 550-жылдығына, ассамблияның 20-жылдығына, Жеңістің 70-жылдығына байланысты жасаған еңбектері. Сайыскерлеріміз өз шеберліктерін көрсетіп, сайысқа белсене қатысып номинациялармен марапатталды: Серік Нұрмұхамет және Мұхамеджанов Досжан - «Сері жігіт», Нұрланұлы Жансұлтан және Аманжолов Алдияр - «Өнерлі жігіт», Уадитбек Айбек - «Мерген жігіт» атақтарына ие болды. Жалғасбай Тұрсын - «Балабақша сұлтаны» атанып аудандық «Алтын сақа» байқауына жолдама алды.

Сайыс өз дәрежесінде өтті.

Эльмира ҚОЙШЫМАН,
«Жұпар» балабақшасының ән-саз жетекшісі

ҰСТАЗДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС

Ұстазды құрметтемейтін жан жоқ шығар. «Ұстаздық еткен жалық-пас үйретуден балаға» деп Абай ағамыз бекер айтпаған. Өйткені ол білімнің кәусар бұлағы, тәлім мен тәрбиенің алтын дінгегі. Ұстаз - шәкірт үшін екінші ана. Оқушылардың көңілінен шығып, бірден үйреніп әкету айтуға ғана оңай. Жарғақ құлағы жастыққа тимей шәкірттерінің болашағына алаң болған ұстаз еңбегі сонымен де елеулі.

Міне, осындай ұлағатты ұстаздардың бірі Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің аяулы ұстаздары. Ең алғаш қолға қалам ұстатып әліппені үйреткен жарқын жүзді, жүрегі ізгілікке толы алғашқы ұстазым Қожахметова Гүлжихан Жұмағалиқызына және боймызға сана сезім сіңіріп, алғашқы ұстазым берген білім мен тәлім-тәрбиені жалғастырып, адамгершілікке баулыған сынып жетекшім Ануарова Роза Абілхасенқызына да айтар алғысым шексіз! Сүйікті ұстаздарымның әр сөзін санама сіңіріп алуға тырысамын. «Болмасанда ұстап бақ» деп Абай ағамыз айтқандай келешекте мен де ұстаздарым секілді мейірбан да адал жан болғым келеді.

Біздерге білім мен тәрбие берген еңбектеріңіз үшін құрмет-пен басымды иіп, ойымды төмендегідей жыр жолдарымен түйіндегім келеді:

Атағым Алатаудай болып биік,
Тұрса да төбем сонау көкке тиіп.
Алдында әрқашанда тағым етіп.
Тұрармын ұстазым деп басымды иіп!

Баян ОҢДАҒАН,
11-ші сынып оқушысы

БІЛІМНІҢ БІРЕГЕЙ ОРДАСЫ



Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі бірегей білім ошағының бірі. Бұл мектеп ең алғашқы рет 1985 жылы ашылып, алғашқы бөбектерін қабылдаған болатын. Алғаш мектеп басшысы болып «Құрмет белгісі» орденінің иегері, «Халық ағарту ісінің озаты» Қ.Тәуқенов тағайындалып, жемісті қызмет етті. Ұзақ жылдар бойы өзінің өмірін халық ағарту ісіне арнады. Талай сындарды артқа тастап, бүгінде 30 жылдық тарихы бар киелі білім ордасын басқару қызметін қолға алған Әлмеғамбетов Ғиваз Ақбайсенұлы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әбішев Рауан Мұханбетқалиұлы және оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі Марал Досымов өз қызметтерін абыройлы атқарып келеді.

Мектебіміз 2002 жылдан бері 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу негізінде алғашқылардың бірі болып білім беруді бастаған болатын. Биылғы жылы мектебімізден 12 сыныпты тәмамдайтын алғашқы қарлығаштарын ұшырғалы отыр. Бүгінгі таңда мектебімізде 340 оқушы

білім алуда. Мектебіміздің оқушылары аудандық, облыстық, республикалық білім додаларынан жүлделі орындармен оралуда. Осы жылдар ішінде мектебімізден талай шәкірт түлеп ұшып, Республиканың өркендеуіне үлкен үлес қосып жүр. Атап айтар болсақ, мектебімізді 1990 жылы бітіріп, түлеп ұшқан Әбілхалық Аманкелді Еренғайыпұлы қазіргі таңда «Нұр Қазақстан» қажылық компаниясының президенті болып қызмет атқаруда. Ал, Түсіпбек Асылхан Мұхаммеджанұлы Қостанай облысының «Марал» Ишан мешітінің бас маманы. «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білімін жалғастырып жатқан шәкірттерімізде баршылық. Олар Ирландияның Дублин қаласында Уәлиева Гүлнұр Сабыржанқызы мен 2006 жылы мектебімізді «Алтын белгіге» тәмамдаған Молдашев Дархан Нұрланұлы мектебімізден айта аламыз. Өзінің бұлбұл дауысымен талайды тамсандырып халықаралық жарыстарда жүлделі орындарды иемденген әнші бүлдіршініміз Айару Орманова да біздің мектептен тәлім алған. Қазіргі таңда Айару Астана қаласында музыкалық мектепте білім алып жатыр.

Мектебіміз биылғы жылы халықаралық «Білім үздіктері» атты энциклопедияға кірді. Мектептің та-

рихы, мектеп ұжымының бүгінгі таңдағы жетістіктері жазылған аталмыш энциклопедияға білім саласындағы жанашыл бағыттағы жұмыстары үшін Ресей, Беларусь, Қазақстан және Украина елдерінің таңдаулы үздік білім ордaları кіреді. Жоғары сынып оқушылары пилоттық бағдарлама бойынша білім алады. Жүргізілген жұмыстар нәтижесі бойынша ауданымызда бірінші боп энциклопедиялық жинаққа енген мектеп ұжымы оқушыларына сапалы білім мен саналы тәрбие беруде. Сол арқылы ауданымыздағы оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиясымен жұмыс жасайтын тірек мектебі атанып отыр.

Мен де киелі білім ордасынан білім алып жатқан шәкіртімін. Бүгінгі мектепті бітіргелі отырған түлекпім. Бірақ арада қаншама жылдар өтсе де мектебім мен үшін де үлкен білім ордасы болып қала бермек. Мектебім маған үлкен өмірге жолдама беріп, осы өмірдің үлкен бір тұлғасы болып қалануыма жол ашты. Алдыма үлкен мақсаттар қойып, асқар асуларды бағындырып, елім мақтан тұтатын азамат болғым келеді. Бұл менің мәпелеп өсірген ата-анамның, бар білімін берген ұстаздарымның, алтын ұя мектебіміздің алдындағы үлкен борышым!

Жансия МҰХАНБЕТҚАЛИЕВА

Б.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің 11-сынып оқушысы, «Қостанай таңы» газетінің жас тілшісі.

ҚОШ БОЛ, АЛТЫН
ҰЯ МЕКТЕБІМ!

Адам қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да, өмірдегі ең ұмытылмас сәттер болып мектепте өткізген уақыт қала бермек. Мектеп – білім айдынындағы үлкен кеме. Осы кемеді біз он бір жыл уақытты сан қилы қызықтармен өткіземіз. Мектеп табалдырығын тарыдай болып аттап, он бір жыл бойы білім алып, таудай болып шығамыз. Алғашқыда мектепке келіп әрбір ерпіп, әрбір санды жазып үйрену қалай қиынға соққан еді? Жазуды да, оқуды да білмейтін кішкентай балалар бүгін міне мектеп бітіру туралы аттестатты қолдарына ұстап, үлкен өмірге жолдама алуға шақ қалды. «Қашан ғана осы мектепті бітіремін» деп ойлайтын кездер әр балаңыз санасына келген балалық кез. Көзді ашып-жұмғанша уақыт тез өтті де кетті. Соңғы қоңырау жақындап қалды. Бұл қоңырау осы жылы біз үшін расында да соңғы рет соғылады.

Соншама асығып бітіргіміз келген мектебімізбен қимастықпен

қоштасатын кез бізге де өз басын бұрды. Мен ауданымыздың Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің түлегімін. Мектебім мен үшін өте ыстық! Себебі қаншама жыл оқып келген ортамыз, қолымнан жетектеп 1 сыныпқа әкелген сынып жетекшімді, әрбір пәннен сабақ беретін мұғалімдерді бір күнде қалайша қия аламыз?! Бұл біз үшін өте қиын дүние. Бірақ қанша қимайтын болсақ та, бұл қимастыққа да көнеміз...

Осы мектеп арқылы біз оқушы түлектер көп нәрсені үйрендік. Біздің мектебіміз ауданымыздың білім жағынан болсын, спорт жағынан болсын, жоғары деңгейдегі мектептер қатарында. Соған сәйкес мектебіміздің ұстаздары да өте білімді, тәрбиелі тұлғалар. Мектепте өткен уақыт адам өміріндегі шаттыққа толы кездер. Дәл осы кездер есімімізде ең жарқын естелік ретінде қалатынына еш күмән жоқ!

Мектеппен қоштасу - балалықпен қоштасу. Мектеп арқылы біз шы-

найы досты таба алдық, біліммен сусындап, өмірдің бастауына үңіле білдік. Мектеп бізге тірек болып, жылулық пен бақыт сыйлады. Ал ұстаздар болса, бізге үйретуден еш жалықпады. Аз ғана күннен кейін, біз мектеп бітіруші түлектер атанамыз. Ақ ордамызбен қимастықпен қоштасамыз... бірақ, арада қанша жыл өтсе де, қанша жасқа жетсекте, қандай адам болсақ та, балғын балалық шағымыз өткен алтын ұя – мектебіміз жүрегіміздің төрінде болатыны анық. Сондықтан қай оқушы болмасын білім алған мектебіміздің алдында борыштармыз.

Алтын ұямыздан ұшар алдында мектебіме, ұстаздар қауымыма өз ризашылығымызды, шексіз алғысымызды білдіргім келеді. Мектебіміз әрқашан осындай биік белестерден көріне беруіне тілектеспін.

Айдана ҚҰСАЙЫНОВА,
Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.

«ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ ДИСЦИПЛИНАРНОГО СОВЕТА»

12 мая 2015 года в Департаменте Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по Костанайской области состоялось очередное заседание Дисциплинарного совета.

Здесь были подведены итоги плановых проверок деятельности 16-ти местных исполнительных органов Костанайского района по вопросам соблюдения законодательства о государственной службе, о борьбе с коррупцией, Кодекса чести госслужащих, а также в сфере оказания государственных услуг. По итогам проверок перед Дисциплинарным советом отчитался аким Костанайского района Тауба Исабаев. Следует отметить, что практика отчетных выступлений первых руководителей областных управлений, а также акимов городов и районов на заседаниях Дисциплинарного совета, будет продолжена.

Согласно озвученной информации заведующего секретариатом Дисциплинарного совета Асхата Искендрова одной из проблем нашей области является высокий уровень сменяемости кадров. Проведенный анализ за 3-х летний период показал, что самый высокий уровень сменяемости замечен в Костанайском районе. Так, после прихода нового акима, с 2014 по 2015 годы ушли по собственному желанию 51 госслужащий, что составляет 22% от штатной численности всего района. В ходе проведения проверок также установлены многочисленные нарушения действующего законодательства, регламентирующего порядок оказания государственных услуг и законодательства о государственной службе.

Вместе с этим, на заседании Дисциплинарного совета были рассмотрены еще три дела в отношении госслужащих. Первым изучили дело руководителя отдела занятости и социальных программ акимата Костанайского района Панина В.Б. Чиновник, при назначении материального обеспечения детям-инвалидам, обучающимся на дому и государственного пособия на детей до восемнадцати лет, истребовал у граждан излишние документы непредусмотренные стандартом оказания государственной услуги. Диссовет подробно изучив дело, вынес

решение - рекомендовать руководству Панина В.Б. наложить взыскания на чиновника за нарушения норм Кодекса чести госслужащих в виде выговора.

Также, Дисциплинарный совет рассмотрел дело в отношении руководителя ГУ «Отдел занятости и социальных программ акимата Костанайского района» Темирбаева М.Е. Сотрудниками Департамента выявлены нарушения по оказанию услуг, при утверждении кадастровой стоимости земельных участков, продаваемых в частную собственность, и приобретении прав на земельные участки. Здесь чиновник пренебрегал стандартами оказания услуг, и принимал документы при неполном их наличии, а также использовал правила устаревшего стандарта в сфере оказания государственных услуг. Выслушав объяснение руководителя отдела, Дисциплинарная комиссия приняла решение – вынести рекомендацию о привлечении Темирбаева к дисциплинарной ответственности в виде строгого выговора.

В рамках заседания Диссовета рассмотрено еще одно дело. Так, 7 апреля 2015 года Аркалыкским городским судом вынесено постановление об административном правонарушении по делу о признании руководителя ГУ «Отдел предпринимательства акимата города Аркалыка» Хамзина Д.Н. виновным по статье 608 Кодекса об административных правонарушениях. Дело в том, что в ночь с 26 на 27 марта 2015 года госслужащий управлял государственным транспортным средством в состоянии алкогольного опьянения, и он был привлечен к административной ответственности в виде лишения права управления автотранспортом сроком на три года, судебный акт уже вступил в законную силу. В ходе служебного расследования Хамзин Д.Н. этот факт подтвердил. В заключении Дисциплинарный совет принял решение наказать чиновника и вынести рекомендацию акиму Аркалыка о понижении Хамзина Д.Н. в должности.

Отдел антикоррупционного просвещения и взаимодействия с общественностью
ДАДГ/СиПК по Костанайской области
Тел: 8 (7142) 914-262

2015 ЖЫЛДЫҢ ӨТКЕН МЕРЗІМІНДЕ АУДАН АУМАҒЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНДЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Аудан прокуратурасымен ағымдағы жылдың өткен мерзімінде ауданның аумағында әлеуметтік-экономикалық салада құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті прокурорлық қадағалау шаралары жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, Бас Прокурордың 02.09.2014 жылғы № 85 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықтың» талаптарына сәйкес, аудан прокуратурасымен әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бойынша жүргізілген 15 тексерістің нәтижесінде заңдылықтың бұзылуының 150 фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 12 ұсыныс, 1 ұйғарым және 2 наразылық енгізілді, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде 2 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді.

Аталған прокурорлық ықпал ету актілерін қарау нәтижесімен 54 тұлға тәртіптік, 7 тұлға әкімшілік және 14 тұлға материалдық жауапкершілікке тартылды, 29 заңсыз актінің күші жойылды немесе өзгертілді, 55 азаматтың конституциялық құқықтары қорғалды.

Аудан прокуратурасының ықпал ету шаралары негізінде жалпы сомасы 4 066 968 теңге, соның ішінде мемлекет кірісіне 2 011 800 теңге және оның ішінде мемлекеттік бюджетке 2 011 800 теңге өндірілді.

Мысалы, жер туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 1 тексеру жүргізіліп, 8 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 1 ұсыныс енгізілді.

Прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен 5 актінің күші жойылды, жалпы аумағы 565 га құраған 8 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды, 1 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, аудан прокуратурасымен табиғатты қорғау туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 1 тексеру жүргізіліп, 5 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 1 ұсыныс енгізіліп, прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен 3 тұлға тәртіптік және 1 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, мемлекеттік бюджетке 1 589 640 теңге өндірілді.

Салық туралы заңнаманың сақталуын қадағалау саласы бойынша 1 тексеру жүргізіліп, 8 заң бұзушылық фактісі анықталды. Олар бойынша заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы 1 ұсыныс енгізіліп, прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесімен 2 тұлға тәртіптік және 6 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Аудан прокуратурасымен әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бойынша жұмыс жалғасуда.

Аудан прокуратурасы.

Құттықтаймыз!

Біздің аяулы жеңгеміз **Күсни ЖАНСЕЙТКЕЛІНІ** 2 маусымда 70 жасқа толғалы отыр. Бар өмірін «Бегімбет» әулетіне арнап, өмірден ерте кеткен ағамыздың жоқтығын білдірмей, балаларын ел қатарына қосқан алтындай асыл жеңешемізді мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілей отырып, бала-шағасының, немере-шөбересінің қызығына бөленіп, ауырмай-сырқамай ортамызда жүре бер деп тілек білдіреміз.

70 жас мерейтойың құтты болсын, Шаңырақ қуанышпен гүлге толсын. Қызықтап бала-шаға арасында, Жүрегін бәрімізге ашық болсын!

Құттықтаушы қайынсіңілің **Күләш Байсейітқызы және оның отбасы.**

Құттықтаймыз!

МЕРЕЙТОЙ - 63!

Аса құрметті әкеміз **Абдулнепс Болат СЕЙТЖАНҰЛЫН** 63 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі болған, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған сіздей ардақты әкемізді әрдайым мақтаныш етеміз! Еңбегіңіз еленип құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай немере, шөберенің ортасында аяулы ата деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын!

Ұстаздықтың ауыр жүгін көтеріп, Оңашада ойға баттың, ой өріп. Алдыңыздан қанат қакты сан ұрпақ, Еңбегіңіз жүрді кілең өтеліп.

Жүректерге білім нәрін мың құйып, Жаңарында тұратындай күн күліп! Болашаққа бағыт-бағдар сілтейсін, Адалдықты әр ісіннен білдіріп.

Өмір-өзен жақсылығын жалғасын, Тіршілікте сәттіліктер қолдасын, Жанұямен мақтанамыз қашанда, Арамызда Сіздей әке болғасын.

Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық шығыспен ұштастыра білдіңіз. Үйіміздің шуақты нұры аяулы анамыз болса, бәріміздің шырқап айтар ән-жырымыз асқар тау – Папа, сізсіз! Ақылшы тірегіміз де Өзіңізсіз!

Игі тілек білдірушілер: ұл-қыздары, немере-шөберелері.

101 хабарлайды

Құрметті аудан тұрғындары!

Тұрғын үйлерде өрт – жиі кездесетін құбылыс. Жалпы алғанда жыл сайын тұрғын үйлердегі өрттер тілсіз жаудың 50-70 пайызын құрайды. Әрбір өрттің зардаптары ауыр болатыны бәрімізге мәлім. Өрттің пайда болу себебі неде? Мұның себептері әр түрлі. Бірақ жалпы қорытынды жасауға болады. Өрттер ережелерді бұзу себебімен болады. Бір жағдайда ережелерді білмеу себеп болса, басқа жағдайда байқаусыздық себеп. Ал кейде өрттің пайда болуына балалардың отпен ойнауы түрткі болады.

Сондықтан ата-ана балаларды жалғыз бақылаусыз қалдыруға, балаға көңіл бөліп, күнделікті өмірде ненің қауіпті, ненің қауіпсіз екенін айтып, далада немесе үйде от жағып, жанғыш заттармен ойнауға болмайтындығын қатаң ескертіп, түсіндіріп отыру керек. Жанып жатқан жылыту пештері мен газды, токпен жұмыс істейтін электр қондырғыларды балаларға сеніп тастап кетуге болмайды. Егерде өрт ошағы болақалған жағдайда сол мезетте 101 телефонына хабарласуыңызды ұмытпаңыз.

Құрметті ағайын! От мәселесіне әр қайсымыздың жауапкершілікпен қарап, азаматтық міндетімізді терең сезінгеніміз жөн. Естеріңізде болсын, өрттің алдын алу оңай, ал оны өшіру мен зардабы ауыр.

Сұрақтар туған жағдайда Аманкелді ауданының №21 Өрт сөндіру бөліміне: Аманкелді селосы Ш.Уалиханов көшесі №3 мекен-жайына келіп, немесе 21-5-07 телефон номеріне хабарласуыңызға болады және осы қызметтің талаптарына келіспеген жағдайда шағымдану үшін төмендегі сенім телефондарын назарларыңызға ұсынамыз:

Костанай облысының Төтенше жағдайлар Департаменті 8-7142-50-36-24. Костанай облысының ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ 8-7142-53-27-30.

С.ТӨЛЕБАЙ,
№21 Өрт сөндіру бөлімінің бастығы, өртке қарсы қызмет капитаны.

Мемлекетті лицензия №12020748 05.11.2012 ж. берілген

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті

ҚИНЭУ –ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОО
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ҮШІН КАДРЛАР ДАЙЫНДАЙМЫЗ

- ✓ Мамандықтарды бірнеше траектория бойынша оқыту (оқу бағытын, пәнді және оқытушыны тандау мүмкіндігі)
- ✓ Оқу үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жүргізіледі
- ✓ «Энергетикалық менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту
- ✓ Талапкерлер үшін оқу төлем ақысына 100%, 75%, 50% жеңілдіктер түрінде ҚИНЭУ ректорының гранты алу
- ✓ Үздік студенттерге М.Дулатов атынан стипендиялық бағдарлама
- ✓ Мамандықтардың құттық рейтингіне табысты қатысуы
- ✓ Жеке ноутбук (күндізгі оқу формасы) және жаламандылығы жоғарғы интернет желісі беріледі
- ✓ Оқу төлем ақысына дифференциалды жүйе
- ✓ Дистанциялық технологиясын қолданумен оқыту
- ✓ Өңірдегі үздік мамандырылған оқу-зертханалық базасы
- ✓ Студенттердің республикалық және халықаралық олимпиадаларға табысты қатысуы
- ✓ Оқу процесінде e-Learning технологиясын қолдану
- ✓ Ағылшын тілі, IT-технология, 1-С бухгалтерия, кәсіпкерлік және қосбасшылық курстар бойынша тегін оқыту
- ✓ Logo-de, Global Ugrad, Triesdorf-de, Laeste World, My Planet Usa, Aiesec, Ima-mba бағдарламалары бойынша халықаралық мамықтаудың от мүмкіндігі
- ✓ Arena Multimedia и Aptech English бағдарламалары бойынша компьютерлік технологияларының халықаралық ғылыми-білім беру орталығының ағылшын тілі және IT-технология курсым оқығаны үшін халықаралық сертификат немесе диплом беріледі
- ✓ Энергоаудит және энергоменеджмент бойынша қосымша білім беру
- ✓ «Машина жасау» мамандығы үшін «Технологиялық процестерді моделдеу» зертханасында тәжірибелі сабақтар өткізудің бірегей мүмкіндігі
- ✓ Белсенді студенттік өмір және шығармашылық даму
- ✓ Кәсіби тәжірибе мен табысты жұмысқа орналау

МАГИСТРАТУРА

Екі диплом жүйесі бойынша магистрант дайындауды жүзеге асырады

Экономика – Омская гуманитарная академия (Ресей)
Бағыттары: Мемлекеттік реттеу және жоспарлау; Білім берудегі экономика; Қаржы экономикасы; Кәсіпкерлік экономикасы; Халықаралық қарым-қатынастар; Экономист-информатик

Менеджмент – Вайенштейн (Германия), Омская гуманитарная академия (Ресей)
Бағыттары: Менеджмент; Аграрлық менеджмент; Туризм менеджменті; Ақпараттық менеджменті; Білім берудегі менеджмент

БАКАЛАВРИАТ

Стандарттау, сертификаттау және метрология; Өңдеу өндірістерінің технологиясы; Агрономия; Теплотехника; Автоматтандыру және басқару; Машина жасау; Көлік, көлік техникасы және технологиялары; Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру; Ақпараттық жүйелер; Есептеу техникасы және бағдармалық қамтамасыз ету; Аграрлық техника және технология; Кәсіптік білім; Логистика (сала бойынша); Экономика; Менеджмент; Есеп және аудит; Қаржы; Әлеуметтік-мәдениет сервісі

КОЛЛЕДЖ

Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша); Тамақтану, сауда және ет өнеркәсіп кәсіпорындарының жабықтықтары; Темір жол көлігінде қозғалысты басқару мен тасымалдауды ұйымдастыру; Элеваторлық, ұн тарту, жарма, құрама жем өндірісі; Азық-түлік кәсіпорындарында өнім өндірісін ұйымдастыру және технологиясы; Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде қозғалысты басқару; Есептеу техникасы және бағдармалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша); Бағалау (салалар және қолдану салалары бойынша); Менеджмент (салалар және қолдану салалары бойынша); Қаржы; Есеп және аудит (салалар бойынша); Экономика; Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша); Электрмен қамту (салалар бойынша); Жылу техникалық жабығы мен жылумен қамту жүйесі (түрлері бойынша)

ТКТ-ге ДАЙЫНДАУ (сынама тестілеу) – сәрсенбі күні (апта сайын) – сағат 14.00

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ (Call Center)

ҚИНЭУ - мекенжай: Қостанай қаласы, Чернышевский көшесі, 59, каб. 102, «А» ғимараты Тел.: 8-7142-28-02-60 www.kineu.kz E-mail: adm@kineu.kz

ҚТЭК - Тел.: 8-7142-28-29-58 www.ktek-kst.kz E-mail: kineu_ktek_2010@mail.ru

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Нураш Абильдинович Абдигазиннің атына берілген 2006 жылғы 20 желтоқсандағы Аманкелді ауданы жылжымайтын мүлікті жария ету туралы №876 шешім жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

САТАМЫН

Бос тұрған ғимарат (аяқталмаған құрылыс, аумағы 360 кв.метр) сатылады немесе автокөлікке айырбасталады. Тел: 8-747-111-25-48.

Объявление по работе специалистов ГЦВП в составе мобильных групп на II квартал 2015 г

Внимание жителей района! Продолжается выезд специалистов ГЦВП в составе мобильной группы ЦОН по отдаленным населенным пунктам.

Утверждены графики выездов мобильной группы на 2 квартал 2015г. Графики выездов имеются у акимов сельских округов и на сайте ЦОН-а con.gov.kz.

Специалисты ГЦВП оказывают консультационные услуги по назначению пенсий и пособий, ведут прием заявлений при наличии полного пакета документов, необходимых для назначения выплаты.

Районное отделение ГЦВП

ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРА



Таяуда Амантоғай ауылдық округінде Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Округ тұрғындарының арасында спорттық ойындар: гир тасын көтеру, қол күрес, жаяу жүгіріс түрлерінен жарыс өткізілді. Жақсы нәтиже көрсеткен және жеңіске жеткен спортшылар Алғыс хаттармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Осы іс-шараға ауылымыздың үлкені де, жасы да ат салысып, өз деңгейлерін көрсеткендерге көрсетті.

Жандос ҚАРҚАБАТОВ,
қоғамдық тілшіміз.

Суретте: іс-шарадан көрініс.

Редакцияға хат

КІР КЕЛТІРЕТІН МӘЛІМЕТТЕРДІ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУ

Мен, Бейсенбаев Қабдысалық, 2014 жылы «Өткен күндерден естеліктер еді» атты кітап шығардым.

Осы кітабымда өмірден өткен Омаров Сартай, Нұржанов Әбсадық, Нұржанов Жібек, Әлмағанбетов Бөкетбай және Қазанғапова Жұпар туралы әңгімелерімде ол кісілер туралы жағымсыз сөздер жазылып, олардың ұрпағы Умаров Наурызбай Сарттаевич, Нұржан Сәкен Әбсадықұлы және Ағатанова Гульжан Боғетбаевнаның ар-намыс пен абырой және іскерлік беделіне нұқсан келетін мәліметтер жазылған.

Негізінен аталған кітап өзімнің зейнеткер ретінде жүргізген жеке күнделігім десе болады. Алайда ол халық арасында тарап кетуіне байланысты жоғары аталған азаматтардың балаларының, туыстарының, жолдастарының алдында кешірім сұраймын және де келешекте мұндай жағдай болмайтынын айтамын.

Аманкелді селосының тұрғыны
Бейсенбаев Қабдысалық.

Спорт

5 АЛТЫН, 3 КҮМІС, 6 ҚОЛА МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ



Таяуда облысымыздың Затабол кентіндегі «Астана» спорт клубында Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың жұлдесіне арналып ұлттық қазақ күресінен облыстық турнир өткізілгені белгілі. Бұл турнирге 1998-1999, 2001-2002 жылдарда туған жасөспірімдер мен жастар қатысты. Жарыста облысымыздың барлық аудандары мен қалаларының балуандары бақ сынады.

Осы облыстық турнирде аманкелділік балуандар жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтқанда: 60 келі салмақта Сержан Теміржанов – 1-ші орынды, 55 келі салмақта Думан Сәрсенбетов – 3-ші орынды, 74 келі салмақта Қорғанбек Молдашов – 3-ші орынды, 90 келі салмақта Асылбек Әбдіров – 1-ші орынды иеленсе, 1998-1999 жылдарда туған жасөспірімдер арасында 57 келі салмақта 1-ші орынды - Әли Қойшыман, 72 келі салмақта 3-ші орынды - Ержан Сағынай, 2000-2001 жылдарда туған жасөспірімдер арасында 38 келі салмақта 2-ші орынды Бексұлтан Асанов, 42 келі салмақта 3-ші орынды Сәкен Болмашев, 50 келі салмақта 3-ші орынды Әсет Балтабай, 55 келі салмақта 2-ші орынды – Бақытжан Аханов, 60 келі салмақта 1-ші орынды Данияр Ерманов, 66 келі салмақта 1-ші орынды Ерсұлтан Нұрпейсов, 73 келі салмақта 1-ші орынды Сержан Қарбозов жеңіп алды.

73 келіден жоғары салмақта Ерасыл Талғатов 3-ші орынды иеленді. Бұл балуандардың бапкерлері Бәктілеу Сабыров, Зейнолла Кенжеғозин, Бағдат Мұханбетжанов, Нұрхан Бекібаев секілді білікті жаттықтырушылар. Осылайша, батыр атындағы ауданның Е.Сейкенов атындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары облыстық турнирден 5 алтын, 3 күміс, 6 қола медаль иеленіп, барлығы 14 медальді еншілеп, ауылға олжалы оралды.

Соңғы жылдары ауданда «Аманкелді барысының» өткізілуі – өңірде қазақ күресін одан әрі дамытуға зор ықпал етуде.

Суретте: жүлдегер балуандар.

ФУТБОЛШЫЛАР ЖЕҢІСІ

Жуырда Қостанай қаласында 2001 жылы туған жасөспірімдер арасында Қостанай облысының чемпионаты өткізіліп, жұртшылықтың көзайымына айналған еді. Бұл чемпионатқа облысымыздың қалалары мен аудандарынан барлығы 8 команда қатысқан болатын. Аталмыш чемпионатта Е.Сейкенов атындағы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің командасы жақсы ойын көрсетіп, 3-ші орынды иеленді.

Өз тілшіміз.

Салық және халық		
КӨЛІК ҚҰРАЛЫ САЛЫҒЫ		
Көлік салығын есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі:		
Рет. №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
1.	2	3
	Двигательнің көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см):	
	1100-ге дейін қоса алғанда	1
	1100-ден жоғары 1500-ді қоса алғанда	2
	1500-ден жоғары 2000-ды қоса алғанда	3
	2000-нан жоғары 2500-ді қоса алғанда	6
	2500-ден жоғары 3000-ды қоса алғанда	9
	3000-нан жоғары 400- ды қоса алғанда	15
	4000-нан жоғары	117
	Жүк көтергіш мынадай арнайы автомобильдер (тіркемелерді есептемегенде):	
2.	1 тоннаға дейін қоса алғанда	3
	1 тоннадан жоғары 1,5 тоннаны қоса алғанда	5
	1,5 тоннадан жоғары 5 тоннаны қоса алғанда	7
	5 тоннадан жоғары	9
3.	Тракторлар,және өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол құрылыс машиналары, мен миханизмдері жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жүруге арналмаған басқа да автокөлік құралдары	
	Автобустар	
4.	Отыратын 12 орынға қоса алғанда	9
	Отыратын 12-ден жоғары 25 орынға қоса алғанда	14
	Отыратын 25 орыннан жоғары	20
	Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын кемелер, двигательінің қуаты:	
5.	55 кВт-ға дейін қоса алғанда	1
	55 кВт-дан асатын	10
6.	Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (двигательінің қуаты мынандай ат күшіне тең):	
	160-қа қоса алғанда	6
	160-тан жоғары 500-ді қоса алғанда	18
	500-ден жоғары 1000-ды қоса алғанда	32
	1000-нан жоғары	55
7.	Ұшу аппараттары	әрбір киловатт қуаттан айлық есептік көрсеткіштің 4 пайызы
	Мыналар: Кез келген санаттағы поездарды магистралдық жолдармен жүргізу үшін; Магистралдық станциялық және тар табанды немесе кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін; Өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдары мен магистралдық және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын теміржолдың жылжымалы тартқыш құрамы	Көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы
8	Тар табан және кең табанды магистралдық және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын моторлы вагонды жылжымалы құрам сондай ақ қалалық рельстік көліктің көлік құралдары	Көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы
Қазақстан Республикасында 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін шығарылған (жасалған немесе құрастырылған) немесе Қазақстан Республикасының аумағына 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін әкелінген қозғалтқышының көлемі 3000 текше сантиметрден жоғары жеңіл автомобильдер үшін салықты есептеу айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай мөлшерлемелер бойынша жүргізіледі:		
P/c №	Салық салу объектісі	Салық мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Қозғалтқышының көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.):	
	3 000 нан жоғары 3 200 ді қоса алғанда	35
	3 200 ден жоғары 3 500 ді қоса алғанда	46
	3 500 ден жоғары 4 000 ды қоса алғанда	66
	4 000 нан жоғары 5 000 ды қоса алғанда	130
	5 000 нан жоғары	200
Салық төлеуші салық салу объектілерін, әрбір көлік құралы бойынша салық мөлшерлемесін негізге ала отырып, салық кезеңі үшін салық сомасын дербес есептейді. Жеке тұлғалар осы Кодекстің 369-бабының 3-тармағында белгіленген мерзімде салықты төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда салық органдары көлік құралдарын есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар беретін мәліметтер негізінде салықты есептеуді жүргізеді.		
Жеке тұлғалар үшін бюджетке салық төлеу мерзімі салық кезеңінің 31 желтоқсанынан кешіктірілмейтін күн болып табылады.		
Салықты төлеу салық салу объектісінің тіркелген орны бойынша жүргізіледі.		
М.СЕЙТКАМалОВ, Мемлекеттік кірістер Басқармасының басшысы.		

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аманкелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ «Аманкелді арайы» газетінің 2015 жылғы 15 мамырдағы №19(7661) номерінде жарияланған «Аманкелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ жариялаған коммерциялық тендер өткізілмейтіндігін хабарлайды.

САТАМЫН

Бордақыланған семіз сиыр сатамын. Бағасы келісім бойынша. Кез-келген уақытта хабарласуға болады. Ұялы тел: 8-702-434-72-58. Үй телефоны: 21-7-40.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді.

Компьютерлік 3 беттен асатын материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 1043 Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.